



Алхан Бөкейхан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастап шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 11 (7996) 11 сәуір, Жұма 2025 жыл

aktogai_red@mail.ru

* Ақорда

Президент ұлттық құрылтайда көтерілген бастамаларды жүзеге асыру туралы жоспарға қол қойды

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген бастамаларды жүзеге асыру туралы жоспарға қол қойды. 53 тармақтан тұратын бұл құжатты Президент Әкімшілігі Үкіметпен бірлесіп әзірледі. Жоспарда Президенттің гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы тапсырмаларын орындауға қатысты нақты қадамдар көзделген, – деп атап өтті Ерлан Қарин. Мемлекет басшысының гуманитарлық бастамаларын жүзеге асыру үшін: «Қазақстан балалары» бірінғай бағдарламасын әзірлеу; Ішкі саясат тұжырымдамасын әзірлеу және бекіту; Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2026-2028 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспарын қабылдау; Ұлттық цифрлық архив құру; бизнес өкілдерін тарта отырып аймақтарда театрларды салу және дамыту, сондай-ақ ұлттық театрларға қолдау көрсету; Шетелде Абай институтын ашу; Халықаралық биологиялық әралуандықты қорғау қорын құру қарастырылған.

Әлеуметтік-экономикалық жобаларды іске асыру үшін: «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын жүзеге асыруды жалғастыру, үш жылда 1300 мектепті жаңғырту; ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған заманауи оңалту орталықтарын ашу, әрбір облыс орталығында ерекше қажеттілігі бар балаларды оңалту және дамыту орталықтарын құру; Өңірлерді дамыту тұжырымдамасына қатысты тың тәсілдерді енгізу;

2025-2026 жылдары ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру, соның ішінде Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолын салу және жаңғырту, Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіру және жаңа аэровокзал кешенін салу; алдағы төрт жыл ішінде елімізде жыл сайын 200-ге жуық инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Сондай-ақ шекара маңындағы аудандарды дамыту, ғылым қалашықтарын құру, ерекше қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдау, үкіметтік емес ұйымдар және мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы жеке заңдар қабылданады.

Материал Akorda.kz сайтынан алынды.

* Мерей

Қара өлең рухы қалықтап, ақын шабыты шалқыған күн

Қарағанды шаһарында дүбірлі той. Шахтерлар қаласының төрінде ақын шабыты шалқыған күн болды. Сәуір айының тәуір күндерінің бірінде Қарағанды облысы әкімдігінің қолдауымен Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, «Қарағанды қаласының» және «Ақтоғай ауданының құрметті азаматы», жерлесіміз, ақын Серік Ақсұңқарұлының 75 жас мерейтойына орай «Рухтың шалқы» атты шығармашылық кеш өтті.

Рухани кештің шымылдығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатымен ашылды. Оны кеш иесіне Президенттің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі Арман Қырықбаев табыстады. Премьер-министр Олжас Бектеновтің, Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтау хаттарын ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі Ералы Тоғжанов жеткізсе, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың атынан құттықтап, сый-сияпат жасады.

Сондай-ақ, ақын Серік Ақсұңқарұлына Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннен, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаевадан, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектен құттықтау хаттар табысталды. Облыс әкімі Ермаганбет Бөлекпаев сөз алып, мерейтой иесінің ел мәдениетінің дамуына қосқан елеулі үлесі үшін алғыс білдіріп, құрмет көрсетті. Қазақстан Жазушылар одағы төрағасының игі тілегін жеткізген «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Бауыржан Жақып Серік Ақсұңқарұлы «Қазақстанның құрметті жазушысы» атанғанын

иеленгенін елге жеткізді. Сахна төріне көтерілген Е. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің ректоры Нұрлан Дулатбеков оқу ордасының Ғылыми кеңесінің шешімімен Серік Ақсұңқарұлын университеттің «Құрметті профессор» атағымен марапаттады.

Жерлестері атынан Ақтоғай ауданының



әкімі Абылай Аманжолов сөз алып, ақынды мерейтойымен құттықтап, ұлы ақын деп танып, жүрекжарды тілегін жеткізді. Жерлестері атынан «Ақсұңқардың Серігіне, Ақсораның Серігінің, серілерінің демеушілігімен» (меценаттар) Серік Қасымбеков, Нұрлан Әрінбаев темір тұлпар мінгізді.

Шығармашылық кеште ақынның сөзіне жазылған әндер шырқалып, жалынды жырлары оқылды. Азулы ақын кешіне ақтоғайлықтар құр бармады, аты әйгілі «Тоқырауын толқындары» ансамблінің ұжымы арнайы ән-шашумен барып, құрмет көрсетті. ҚР Мәдениет қайраткері (марқұм) Дәртай Сәдуақасовтың әні мен сөзіне жазылған «Тентек қара» әнін орындап, көрерменді тік тұрып қол соққызды.

Г.Елеусізова.

* Пікір

«Ұлттық Құрылтай – ұсыныс алаңы»

Төрт жылда Ұлттық Құрылтай елдегі әлеуметтік-экономикалық мәселелер шешімін табатын алқалы жиынға айналды. Жыл өткен сайын тақырып аясы кеңіп, айтылатын салмақты ой ұлғайып келеді. Қоғам үшін қажет әйел құқығы мен бала қауіпсіздігін күшейту, вейп саудасына тыйым салу, мемлекеттік наградалар мен ономастика туралы заңдар Ұлттық Құрылтайдың бастамасымен қабылданды. Бұл қатарда вандализм мен ойын бизнесін шектеу туралы құжат та бар. Оған қоса, есірткі өн-діруді және сатуды ұйымдастырғаны

үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған түзетулерді атап өткен жөн. Мұның барлығы – Ұлттық Құрылтайдың нақты жемісі. Бурабайда өткен биылғы жиында көтерілген мәселелер мен айтылған ұсыныстар жайлы Ұлттық Құрылтайдың және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, «Шаңырақ» көпбалалы отбасыларды қолдау орталығының директоры Ләззат Қожахметова ойымен бөлісті.

– Сіз алқалы жиынға биыл төртінші рет қатыстыңыз. Әр жылдағы Құрылтай несімен ерекшеленді?

– Құрылтайда айтылатын мәселелер қатары да, ауқымы да жыл санап артып келеді. Мәселен, Ұлытауда өткен алғашқы жиын да тәрбие мәселесі, ұлттық болмыс туралы көп айтылды. Республика күні Ұлттық мереке ретінде қайта жанданды. Одан кейінгі Түркістандағы басқосуда да құндылықтарды дәріптеу, мемлекеттік нышандарды жетілдіру, маңызды институттардың жұмысын жүйелеу, креативті индустрияны дамыту сөз

болды. Атыраудағы жиын аясында 300-ге жуық мәселе талқыланды. Сол кезде Мемлекет басшысы тұрғын үй-мен камтуға арналған жоба жүзеге асатынын сүйіншілегеннен кейін «Наурыз» бағдарламасы ашылды. Мұның барлығы – халықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға қосылған тамшыдай үлес.

– Төртінші Құрылтай отырысы қай бағытта өрбіді? Жалпы, Мемлекет басшысы қандай мәселелерге басымдық берді?

– Осы жолы Құрылтайда экономика (Жалғасы 2-бетте).



Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойына қазақстандықтар да өте тиянақты дайындық үстінде. Еліміз бойынша саусақпен санарлықтай ғана ардагер әкелеріміз бен аналарымызға бүгін қандай құрмет көрсетсек ет артық емес.

Биылғы үлкен мереке қарсаңында Ресей бір игілікті істі қолға алыпты. Сол кездегі КСРО Қорғаныс Министрлігінің құжаттары Мәскеу түбіндегі Подольск қаласына орналасқан Мәскеу орталық мұрағатына (ЦАМО Центральный архив Московской области) сақталған. Осы мұрағат қызметкерлері бірталай құжаттарды ғаламтор бетінде «Подвиг народа» деген айдармен арнайы сайт ашып жариялапты.

Сол қырғынның ішінде болып, екі рет жараланып, соғыстан мүгедек болып оралса да зейнет жасына дейін еңбек жасап, үлкен шаңырақ иесі атанған жанның бірі соғыс ардагері әкеміз – Түскей Нұрланов.

1901 жылы Ақтоғай ауданының Шабанбай би ауылдық округіне қарайтын Қасабай бөлімшесіне жататын Шылбыр өзенінің бойында дүние есігін ашқан екен. Сол кездерде алғаш құрылған Мойынсерік, Артель одан кейінгі колхоздарда ұжым мүшелігіне тартылып, үлкендермен қоса әртүрлі жұмыстар атқарады. «Өндіріс»

Тарих тағылымы

колхозында бригадир болып жұмыс істеп жүргенде соғыс басталып, бір топ жерлестерімен бірге соғысқа аттанып кете барады.

Таяуда жоғарыдағы сайтты ақтарып отырып, «Адамдар мен наградалар» бөлімінен 1941-1945 жылдары майдан даласында жараланып, көшпелі



госпитальдарда емделген жауынгерлер жайлы деректерге ұшырастым. Бізге бұрын әкеміздің Украина майданында болғаны, III дәрежелі «Даңк» орденінің иегері екені ғана белгілі болатын. Мұрағат құжаттары ол кісінің II дәрежелі «Даңк» орденін және «Қызыл Жұлдыз» ордендерін алғаны туралы айғақтап берді. Мұрағат материалдарына көз салсақ былайша сыр шертеді. Қызыл әскер Т.Нұрланов 1941 жылы

Қарағанды облысы, Қоңырат ауданынан шақырылып, Шет аудандық әскери комиссариаты арқылы соғысқа аттанған I-ші Украина майданы, 66 атқыштар дивизиясы, 235 атқыштар полкінің құрамында 1942 жылдың қазан айынан бастап, 1943 жылдың тамыз айына дейін соғысқан. Харьков

қаласы үшін болған көше ұрыстарында аяғына оқ тиіп полктің дәрігерлік бөлімінде емделген. Сол ұрыстағы ерлігі үшін II дәрежелі «Даңк» орденімен марапатталған. Житомир қаласын жаудан азат ету үшін болған ауыр шайқаста сол жақ аяғынан тиген оқ тізе тұсын тесіп өткен. Ауыр жарақаттанғаннан кейін №5887 көшпелі госпитальда 1942 жылдың 14 желтоқсанына бастап, 1943 жылдың 16 наурызына дейін емделген. Неміс басқыншыларымен болған шайқастарда көрсетілген жанқиярлық ерлігі мен батырлығы үшін бір топ жауынгерлермен қоса «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылған. Бір ауыр, бір жеңіл жарақатына байланысты 72-статьяға сәйкес II топ мүгедегі» деп танылып, әрі қарай соғысу мүмкіндігі болмағандықтан ұзақ емделуден кейін 1943 жылдың тамызында

елге қайтарылған.

Соғыстан кейінгі жылдарды колхоз, совхоздарды ірілендіру басталғанда «Ұлы Октябрь» колхоздары бірігіп, біздің үй «Қуаныш» ауылына көшіп келеді. Ауыл адамдары өзен суын бұрып, ауылдың үстіндегі «Ақдала» деп аталатын алқапқа егін салып, аудан диқандары арасындағы алдыңғы орындардың бірін иемденіп отырған. Ол алқапқа «Ақтоғайдың ақ бидайы», «қожа бидай», «ақтауша бидай» деп аталатын бидай тұқымдары егіліп келген.

Үйімізде кейінгі жылдарға дейін сақталып келген ерекше бір куәлік бар. Ол куәлікте 1956 жылы «Қуаныш» колхозының егіншілер бригадирі Түскей Нұрланов Мәскеудегі Халық Шаруашылығы Жетістіктерінің Көрмесінде (ВДНХ) қатысушы болып шақырылған екен.

Анамыз Рысты Түсіпбекқызы екеуі 8 бала тәрбиелеп, үлкен шаңырақ иесі болды. Әкем 1967 жылы 18 маусымда ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін қайтыс болды. Анамыз 1996 жылы 80 жасында дүние салды.

Ерлік ешқашан ұмытылмақ емес. Өткенін саралап, үлгі тұтарлық өнегесін жас ұрпаққа баяндау арқылы оларды Отанын сүйе білуге, елін, жерін ардақтай білуге баулып отыру алға басуды мақсат еткен ел ағаларының міндеті.

Қызы – Түскеева Нұрзия, Ақтоғай ауылы.

Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округінің сайланған әкімін тіркеу туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 14-бабының 9 тармақшасына, 45-бабына, 113-11 бабының 1 - тармағына сәйкес, 2025 жылдың «6» сәуірінде өткен Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округінің әкімі сайлауының қорытындылары туралы учаскелік, аудандық сайлау комиссияларының хаттамаларының негізінде Қызыларай ауылдық округінің әкімін Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы тіркеді.

Толепбекова Шекер Мадениятовна 1983 жылы туған, сайлауға дейін «Қызыларай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маманы қызметін атқарған, тұрғылықты жері Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылдық округінің Ақжарық ауылы, (тіркелген күні: 09.04.2025 жыл).

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

(Соңы. Басы 1- бетте).

мәселесіне баса мән берілді. Президент салық жүйесіне қатысты туындап жатқан даулар туралы айтты. Мен «Әлеуметтік-экономикалық даму» секциясының құрамында сарапшылардың жиынына қатыстым. Мәселенің мәнісін өзім де осы жолы аңдадым. Бұл реформа біздің қоғамға дұрыс түсіндірілмей жатыр екен. Елде 2,4 млн кәсіпкер бар екен. Оның 2 миллионы өз табысын «нөл» деп көрсетіпті. Оның ішінде, 50 мың теңге көрсеткені мұнша, 100 мың алатын мұнша, 150 мың алатын адам мұнша деген нақты цифрлар айтылды. Елдегі жеке кәсіпкерлердің 85%-ының табысы 15 млн-ға дейін ғана. Қосымша құн салығының шекті сомасы 15 млн деген цифр осыдан шыққан. Осы сомадан асқандар қосымша құн салығын төлейді. Өткенде мәселе болған блогерлер де, ірі құрылыс компанияларды да қосымша салық төлеуі тиіс. Олардың ішінде ресто-ран бизнесі де бар. Енді тапқан табыстан салық төлеу жалпыға міндеттеледі. Екінші жағынан қарасақ, салынып жатқан балабақша, аурухана, мектептер, алып отырған жәрдемақылар салық есебінен қалыптасады. Мемлекеттен алуды білсек, беруді де саналы түрде үйрететін кез келді.

– Президент бірқатар әлеуметтік бастамаларды да назардан тыс қалдырмады. Жаңа жобалар не жайлы?

– Президент мүгедектігі бар балаларын оңалту үшін ата-аналардың Астанамен екі ортада жүргенін, ұлттық орталыққа қаралу үшін кезек күтуге мәжбүр екенін баяндады. Ерекше қажеттілігі бар, сондай-ақ, аутизмге шалдыққан балаларды оңалту, дамыту орталығын әр облыста ашуды тапсырды. Біздің өңірде «Алтын мирас» орталығы бар.

«Жыл соңына дейін ерекше балаларды қолдауға арналған заң әзірленсін» деді. Мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі ретінде осы заңды шығаратын жұмыс тобындамын. Одан бөлек, келесі жылдан бастап «Қазақстан балалары» атты ұлттық бағдарлама іске қосылады. Маған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын барлық жекеменшік мектептерге енгізу туралы айтқаны ұнады. Оларда жалпы стандарттардан бөлек, оқыту бағдарламасы қандай екені де белгісіз. Елдегі жекеменшік балабақшалар да, сауықтыру лагерьлері де лицензиясыз жұмыс істеп келген. Мен былтыр ғана «Qarmet» АҚ ның лагерьлеріне бардым, тәуелсіз Қазақстан туралы мүлдем ұғым жоқ, Кеңес одағының елтаңбасы, туы тұр. «Ағылшын тілін үйретеміз, «IT-шник» болуы керек» деп қаншама ұрпақты уыстан шығарып алғанымыз рас. Бұл мәселені Президент дұрыс көтерді. – Сіз қандай ұсыныс білдірдіңіз?

– Мен «Артспорт» бағдарламасының қаржысын үнемдеу туралы ұсыныс айттым. Мәселен, Қарағанды облысында бұл бағдарламаға бір жылда 4 млрд жуық теңге жұмсалады. Облыс халқының 85% қалада тұратынын ескерсек, оның қызығын қала балалары көруде. Ал, қалаларда тегін үйірме-секцияларды Мәдениет үйлері мен Балалар мен жасөспірімдер сарайы да ұсынады. Қарағандының өзінде төрт Мәдениет үйі мен үш Балалар мен жасөспірімдер сарайы бар, оларда жүзден аса секция жұмыс істейді. Ондағы үйірмелер сапалы, заманауи құралдармен жабдықталған, мамандары да білікті. Олай болса, қалалықтар

үшін Мәдениет үйлері мен Балалар мен жеткіншектер сарайында бар үйірмелерді неге «Артспорттан» алып тастамасқа? Оларда үйірмеге келген бір балаға 500 теңге шамасында қарастырылған, оқытушылардың жалақысы 80-120 мың теңге аралығында. Ал, «Артспортта» бір балаға 28 мың теңге бөлінеді. «Артспорт» арқылы бірден 200-400 балаға қызмет көрсететін жекеменшік орталықтар бар. Олар жылда әртүрлі орын жалдайды, мекенжайы ауысады, жабыды мен оқытуын тексеріп жатқан құзырлы орган жоқ. «Артспортқа» жұмсалып жатқан қаржының бір бөлігін Мәдениет үйі мен Балалар мен жасөспірімдер сарайының жабдықтарын жаңартуға, оқытушылардың жалақысын көтеруге неге бөлмеске? Ән-күй, би үйірмелерін «Артспорттан» алып, мемлекеттік мекемелерге беру керек. Бюджет қаржысын үнемдеу деген осы. Оның қаржысын бассейн, тағы басқа баламасы жоқ үйірмелерді ашуға жұмсаған жөн. Әрі «Артспортқа» қаржы бөлгенде ауыл мен қалаға бөлінетін қаржының тепе-теңдігін сақтау қажет. Мемлекет балаларды дамытуға қаржы бөліп жатыр. Алайда, ол ауыл балаларына жеткен жоқ. Мәдениет басқармасы да, спорт басқармасы бағдарламаға қатысатын мекемелерді тексеруге құқығы жоқ екен. Бағдарламаны ақша жасау көзіне айналдырып алғандар жетерлік.

– Бұл ұсынысыңыз жауапсыз қалмай ма? Жалпы, айтылған әрбір мәселе қаншалықты шешімін табады?

– Ұлттық Құрылтай – пәрмені биік басқосу. Онда барлық мәселе тікелей Президенттің алдында айтылғандықтан, міндетті түрде жауап беріледі. Сенат пен Мәжіліс депутаттары да Президент алдында осы Құрылтайда ғана айта

алады. Бұл – халық пен Президент арасындағы көпір. Президент біз арқылы халықтың көкейіндегі мәселені естіп, біледі. Былтыр берген тапсырма бойынша 10 заң қабылданды. Құрылтай мүшелері айтады, сол бойынша Парламент мүшелері заң жобасын әзірлейді. Басқа жиындарға қарағанда нәтижелі. Мысалы, халық министрге, әкімге хат жазады. Бірақ, олар «Мына заңды өзгертейік, мына бапты түзетейік» деп бас қатырмайды. Ал, Құрылтай соған мүмкіндік береді. Жыл соңына дейін министрліктер біздің ұсыныстарымызға жауап береді. Мен тұтас жүйеге қатысты мәселелер көтеруге тырысамын. Кей-біреулер өзінің мектебінің немесе өңірінің мәселесін қозғайды. Мұндай мүмкіндік беріліп тұрғаннан кейін халықтық мәселе айтылуы керек.

– Келесі жиында айтар ұсынысыңыз бар ма? Әлде ол жайлы ойланбадыңыз ба?

– Ойымда – көші-қон мәселесі. 1990 жылдары Пәкістаннан, Ресейден қаншама адам көшіп келгендігі туралы құжат бар, бірақ, адамдар жоқ. Олар азаматтық алды ма, Қазақстанда тұрып жатыр ма, тірі ма, өлі ме еш дерек жоқ. Ресейден не үшін көшіп келген? Квота негізінен Моңғолия, Қытайдан көшіп келуі үшін бөлінген. 2008 жылға дейінгі бірде-бір құжат жоқ. Одан беріде цифрланған ғана бар. Келесі Құрылтайда осыны көтергім келеді. Әрине, келесі жиынға қатыссам. Себебі, әр Құрылтайда әртүрлі адамдар болады.

– Сұхбатыңызға рахмет. Бастамаларыңызға сәттілік тілейміз.

Сұхбаттасқан Жансая ОМАРБЕК
Мақала «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ресми сайтынан алынды.

Шәкірттер жүрегіндегі ұстаз



Кім-кімге де мамандық таңдау оңай емес. Алайда толғауы тоқсан тіршілікте өмірге қанат қақтырған ұстазды ұмытуға бола ма? Өйткені ұстаз – ең ұлық мамандық иесі.

Көктем айының жайма шуақ күндерінің бірінде қаламыздың қадірлі қарт тұрғыны, ұлағатты ұстаз, алтын құрсақты ана Александр Драгунованы 90 жас мерейтойымен төл шәкірттері – Ақтоғай ауданы Айыртас ауылы мектебінің 1988 жылғы түлектері құттықтап, сый көрсетті. Кейуанамен жылы қауышқан шәкірттері партаға қайта отырып, Александра Николаевна өткізген орыс тілі сабағына қатысты. Ауылдастары Шура апай деп атап кеткен ұлағатты жан әлі де тың, өзі баптаған, қияға қанаттандырған ұл-қыздарын көріп, өткен күнге саяхат жасады. Мерейі тасып, еңбегінің ақталғанына тағы бір көз жеткізді. Өйткені, ұстаздың

алдын көрген оқушылары бұл күнде әр салада жемісті еңбек етуде. Аяулы ұстазымыз жайлы, оның ұлағатты жолы туралы бұған дейін де баспасөз беттерінде жан-жақты жазылған. Сонау 1954 жылы Ресейден мұғалімдік жолдамамен Ақтоғай ауданының «Шұбартау» кеңшарына келген сол кездегі жас маман «Таң» мектебіне орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жұмысқа орналасқан. Негізі туып өскен жері бір кездегі Мордовия Республикасының Ичалков ауданындағы Ташкино елді мекені екен. Өзінен кейін Нина, Валя деген сіңілілері

қазақша бір ауыз сөз білмей келдім. Бір қызығы, шәкірттеріме орысша үйретем, олар маған қазақша үйретіп, осылайша тіл табысып кеттім. 1956 жылдың жаз айында асыл жарым Қуанышбек Смағұлов екеуіміз шаңырақ көтердік. Марқұм жолдасым ол уақытта Қаратал мектебінде тарих пәнінен сабақ берді. Аталмыш мектепте мен де 17 жыл орыс тілі пәнінен ұстаздық еттім. Кейіннен «Айыртас» совхозының мектебіне жолдасым Қуанышбек мектеп директоры қызметіне тағайындалып, ұстаздығымды сол ауылда жалғастырдым. Ол уақытта

қызметі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен «Ленин» орденімен марапатталған. Ақтоғай өңірінде мұғалімдік жолы қалыптасып, ауыл балаларының білім алуына өзіндік үлесі бағаланып, бірнеше мәрте марапатқа иесі атанған. Одан бөлек, тылдағы еңбегі үшін түрлі мерекелік медальдармен марапатталған.

Қарт ұстаз Александра Драгунова 7 бала өмірге әкелген «Алтын алқалы ана». Бүгінде немере-шөбере сүйіп отырған ардақты жан. Алтын алқа иегері әлдеқашан ұлын ұяға, қызын қияға қондырған. Анасының жолын қуған балалары да бар екен. – Мен қазақ ауылында еңбекке араласып, ұрпақ тәрбиелеу ісіне араласқаныма дән ризамын, – дейді. Қазақтың дархандығына, кендігіне, бауырмалдығына жер бетінде ешбір ел жетпейді. Ешқашан жатсынбастан өз отбасына құшақ жая қарсы алған ата-енеме, жалпы, қазақ халқының кең пейіліне, көңіліне алғысым шексіз. Бүгін ұзақ жылдар бойы мені құрметтеп, әрдайым төрін ұсынатын шәкірттерімді көріп, көңілім марқайып қалды. Ғасырлық тойына қадам басқан аяулы жанға зор денсаулық, бойына күш-қуат тіледік. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған, зейнеткерлікке шыққан соң да қаладағы қоғамдық шараларға белсенді қатысқан Александра Николаевнадай қадірлі жандар жергілікті атқарушы биліктің де назарынан тыс қалмай, лайым құрметке бөлене берсе игі деген тілек айтамыз.

1988 жылғы Айыртас орта мектебінің түлектері



болған көрінеді. 8 жасынан еңбекке араласқан, бүгінгі тыл еңбеккері ерте есейіп, бауырларына қамкор болыпты. Аяулы ұстазымыз өз әңгімесінде: – Мен Шұбартау ауылына мұғалім болып келгенде небары 19 жаста едім. Әрине, басында қиын болды. Себебі, басқа қалаға емес, басқа мемлекетке көшіп келдім ғой. Бірақ, уақыт өте келе елге де, қоршаған ортаға да үйренісіп кеттім. Расы керек, танымайтын жерге

бала күтімімен отыруға уақыт жоқ. Кішкентайлы болғаннан кейін жұмысқа шығып кететін едік. Сонда марқұм жолдасымның анасы Қадияша шешеміз балаларды қарап, бағатын. Жеті баланың анасы атандым. Қазақ топырағын атабаңытты, қазақ жігітіне тұрмысқа шығып, қазақ отбасына келін болуды жазған тағдырыма ризамын, – дейді Александра Драгунова әжей. Кейіпкеріміз ұзақ жылғы ұстаздық

* Байқауға қатысып, бақ сынады

Жерлесіміз аудан мәртебесін көтеріп қайтты

Көктемнің шуақты күндерінің бірінде Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен Ұлы Жеңістің 80

насихаттау. Байқауға қатысушылар «Жан серігім – ән», «Мақал сөздің мәйегі», «Салт-дәстүр сөйлесін», «Ақылгөйім – ақ әжем», «Білімпаз

өткен байқаудың жоғарғы дәрежеде өтуіне әжелер алқасының төрағасы, ұстаз Жұмабике Адамова, ардагер журналист, алқа мүшелері Гүлнар Бұхарбаева мен Нәзипа Асқар сүбелі үлес қосқандығын сөз реті келгенде айту керек. Әжелердің ұрпақ тәрбиелеудегі

орындар жарияланды. Осы жерде үздік үштіктің қатарында біздің жерлесіміз Рысжан Кактаева әжеміздің бақжұлдызы жарқырап, қара үзіп жұлделі 3-орынды иеленіп, аудан мәртебесін асқақтатты. Мерейіңіз биік болып, әркез аудан намысын қолдан



жылдық мерейтойы аясында «Алтын қазық Әжетай!» атты облыстық әжелер байқауы болып өтті. Сайысқа облыс бойынша 14 әже қатысып, бақтарын сынады. Байқауды өткізуді негізгі ұйымдастырушылар облыстық кеңес жанынан құрылған әжелер алқасы. Мақсаты – ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді сақтау,

әже», «Қолөнер – зор өнер» аталымы бойынша бақ сынады. Аналарымыз отбасының тірегі болып, ұрпақ жалғастырып, тәрбиелеп келсе, әжелеріміз шаңырақтың тірегі, немерелері мен шөберелерінің ақылшысы, тәрбиешісі, қамқоршысы екендігі мәлім. Әжелер алқасы мен облыстық кеңес аппаратының

рөлін ескере отырып, кейбір сайыс түріне немерелерін де сахнаға алып шығуға рұқсат етілді. Әр аталым бойынша дайындаған нөмірлерін, слайдпен тамаша етіп көрермендерге ұсына білді. Ән де шырқалды, би де биленді, сахналық шағын көріністер де орын алды. Әжелердің белсенділігі көпшілікті риза етті.

Сайыс соңында «бағы мен бабы» қатар шапқан байқауға қатысушылар, әділ қазылар таразысынан өтіп, жұлделі



бермей, осылай жоғарыдан көріне беріңіздер деп Рысжан әжеміздің жанұясы Төлепбековтер отбасына мықты денсаулық, отбасылық бақыт тілейміз.

Айбын Жаманхан.



Серік Ақсұңқарұлы 1950 жылы 29 наурызда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, «Қызыларай» ұжымшарында дүниеге келген. Қарағанды педагогикалық институтында, әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде оқыған. Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері», Қарқаралы аудандық «Коммунизм таңы» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы ҚарағандыЖезқазған облысаралық бөлімшесінің жауапты хатшысы болып қызмет атқарған. Облыстық «Орталық Қазақстан» газеті бас редакторының әдебиет жөніндегі кеңесшісі. Қазақстан Жазушылар одағының Қарағанды облыстық филиалының директоры қызметтерін атқарған.

Жас ақындардың «Көктем тынысы» («Жазушы»,

1975), «Қарлығаш» («Жалын», 1981) жинақтарында бір топ өлеңдері жарық көрген. «XX ғасырдың жиырма сәті» поэмапанорамасы («Жалын», 1990), «Ғасыр кардиограммасы» («Жазушы», 1991) кітаптары, «АдамАта – Һауа Ана» («Қазақстан», 2000), «Өмір деген күнді айналуды» («Жазушы», 2005), «Төбемнен жауһар жауып тұр» (2005), «Қыпшақ хиссасы» («Қазығұрт», 2008) атты өлеңпоэмалар жинағы жарық көрген. А.Пушкин, А.Ахматова, М.Цветаева, Е.Евтушенко, А.Вознесенский, Р.Рождественский, т.б. шетел ақындарын қазақшаға тәржімалады. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Ақын 2020 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

“Қарағанды қаласының” және “Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы”

Түркіден тартқан тамырын...

Алаш ақыны Серік Ақсұңқарұлы ағамыздың 2018 жылы Алматыдағы «Атамұра» баспасынан «Көкейімде – Күлтегіннің Жазуы» деп аталатын жаңа жыр кітабы жарық көріп еді. Көлемі – 358 бетті қамтитын, 19 баспа табақтай жыр жинағы ақынның соңғы кезеңдердегі шығармашылық жемісі. Кітап екі бөлімнен құралған. Біріншісі – «Кириллица – ет жақыным, жатым да...» делінсе, екіншісі – «Сайтанның сайран салуы». Кітап атауы – Күлтегіннің Жазуы. Ойшылдардың айтуына қарағанда, «Сөз», «Жазу» дейтін ұғымдар адамзаттан бұрын пайда болған. Қолмен жазған әрбір сөздің өзі – шарифатта айтылатын «Маңдайға жазылған», «Пешенеге бұйырған» жазулармен тәркіндес, туыстас тығыз байланыста болуы әбден мүмкін. Ауызша айтқан сөзің де солай. Қазақ халқының алғысқа қуанып, қарғыстан қорқатынында да көп мән-мағына жатыр. Сөздің өзінің екі түрі бар. Ауызша һәм жазбаша. Қазақта XIX ғасырға дейінгі мол дүние ауызша тарап, «Айтылған сөз – атылған оқтың» кебін киді. Қайта далалықтардың жадының мықтылығынан, сөздің құдіретін түсініп – сыйлағандығынан, фольклоршыларымыздың жанкешті еңбегінің арқасында ұлттық руханияттың уызы жоғалмады. Бір қуанарлығы, көне ғасырдың өзінде Күлтегін батыр өз жорықтарын, сол кездегі дәуір суретін тасқа қашатып жазғызды, қалдырды. «Күндіз күлмедім, түнде ұйықтамадым. Аз халықты көп қылуға харекет еттім. Бәрі түркінің қамы үшін...» деп келетін өлең жолдары – біздің ұранымыз, ұлы арманымыз. Осыған бару, осыны жазу – Ақсұңқарұлының ақындық кредосы. Аталмыш жинақ – қысқасы һәм поэмасы бар 200-ге тарта өлеңнен құралыпты. Оқып көрелік: Сыймайтұғын ешқандай бір өлшемге, Жусанмын – Мен! Көнбесең де, көнсең де – Сарыарқада өсемін мен найқалып, Басқа жерде өспеймін мен – Өлсем де! («Жусан»). Жусан өсімдігі – далалықтарға тән дара ұғым. Туған топырақ, Атамекеннің бойтұмары іспетті. Басқаны айтпағанның өзінде, алыс Мысырдың бір кезде билеушісі болған қыпшақ Бейбарыстың қартайған шағында даланың бір

тал жусанын аңсап, сағынғаны да – осынау ойымызға дәлел бола алады. Ал, ақын өзін жусанға теңеп, шағын шумақпен шалқар ойдың өзегін ұсынады. Сарыарқаның сәні болып, символына айналған жусан-құдірет кейінгі кезде медицинада да жақсы жетістіктерге



Суретте: Ақын Серік Ақсұңқарұлы, облыс әкімі Е.Бөлекпаев.

жетіп, ғаламдық деңгейге шықты. Адамзат денсаулығына арналған мықты дәрілерге мұрындық болуда. Ендеше, «Мен – жусанмын! Сыймайтұғын ешқандай бір өлшемге...» дейтін ақын даусынан мынау ұлан-ғайыр даламыздың қадір-қасиетін, болмыс-бітімін көргендей боламыз. Ақсұңқарұлының ақындық автопортретін мына өлеңнен де анық аңғаруға болады: ...Абдырап бір кез қалдым ба, Аузыма ұстап Алладан түскен ой легін? Алдияр біткеннің алдында Айдаһардай айбарланып сөйледім! Жahanның етегін жұлқына түріп, Көкжиекте көшем кеп. Қара аспанның қара бұлтына кіріп, Сауладым қара нөсер боп! Арқадан Аспанға жүгіріп, Қанатты бұлтқа сүйгіздім. Хафиздің жұпарын сіміріп, Пушкинді тарыдай қауызыма сыйғыздым! («Арғымақ – Пегас»). Қыранның биікке қанат қағуы, тұлпардың ұлан-ғайыр далада бес жүз құлаш жазылуы бар бұл өлеңнің өн бойында. Өршіл рух өлеңді қыз-қыз қайнатып, от-жалынды лапылдатып, өрттей шарпиды. Жігерді қайрап, жүрекке күш-қуат береді. Ұрпаққа патриоттық тәрбие, туған жерін және елін сүйетін отансүйгіштік қасиет

осындай шымыр шығармалардан дариды. Кітаптағы өлеңдердің тақырыбы әр алуан. Ара-арасында махаббатқа да орын берілген. Лиризм тұнған сол шоғырдың ішінде мына бір шумақ кім-кімді болса да бейжай қалдырмасы

анық. ...Шарбақтың алды. Қоңыр күз еді. Ай – жарық. Ерінге ерін тиді де, қалдық байланып. Дүние кетті геометриядағы ғажайып, 180 градусқа айналып! Осындай ғажап образдар «Күнекей қыз», «Қара бұрым», «Гүлбаһардың әні», «Ерінің от екен ғой?!», «Муза қыз», «Екі ару» секілді өлеңдерінен де орын алған. Ақын «Сайран менің он сегізім...» дейтін өлеңінде: Қазыбек би жоқ, Әйтеке би де, Төле де, Алдына барып бақ сынар. Тоталитаризм – төбеде, Төрімде кілең – қабағын түйген хатшылар... – деп Кеңес Одағында өткен көмескі күндерге налиды. Албырт шағында басынан сипап, бата берер «Большевиктер қоғамынан» ешкімді таба алмағанына өкінеді. Тағы біршама өлеңдерінде Ақсұңқарұлы бүгінгі қоғамның кемшіліктерін де найзаның ұшына іледі. Үзінділер келтірелік: ...Көлдер кепкен қоғалы, Ерлер кеткен... Кімге соның обалы? Баянсыз-ақ базар боп тұр найқалып, Қодарлар мен Жантақтардың қоғамы... («45 градус аяз»). * Нарықтың ілініп қырына, Басымды тауға ұрдым, тасқа ұрдым. Банкті – баукеспе ұрыға, Халықты – Құдайға тапсырдым. («Нарық заманы»). * ...Қалай Тәңірі осынша ұлы ұлысқа, Ұлттық сезім сыйлауды

кетті ұмытып? («Қазақстан»).

* Қайда әлгі Ұлттық Табыс?! Не деп барам? Бір кило Ұлттық Ұят! Бір кило Ұлттық Намыс – Керек маған! * Сайтан қайда жүрсе-дағы үкілі, Жүреді елге соның ғана үкімі. Қара басып қайдан бізде қалды екен, Һауа жеген сол алманың тұқымы?! Шындықпен шырылдаған шерлі шумақтар. Мұңға батқан мұздай қайырымдар. Қай қоғамда да, қай дәуірде де батыл ой мен өткір сөзді жыраулар мен ақындар айта алған. Бұқардың бұрқыраған бұлтты жырларының, Махамбеттің найзағайлы семсер өлеңдерінің бүгінгі көрінісін Ақсұңқарұлының поэзиясынан да осылай кездестіруге болады. Ал, мына сөз де терең ойларға жетелейді: Қазақ қана: «Адам» деген – Адамды! Көрген жұртпыз көресінді, жоқтықты. Көрінген ит бізге неге соқтықты?! «Інжілдегі» «Адам» деген асқақ сөз – Қазақтікі! Басқа тілде жоқ, тіпті! Дүниенің ғажабы да – Біздікі! Азабы да – Біздікі... («Адам»). Өткен мен бүгінді байланыстырып, қазақ қоғамының жетістіктері мен олқылықтарын ортаға сала отырып, ұлттық ерекшеліктерімізді де жарқыратып көрсетуге арналған жұмыр жинақ жұртшылыққа жетті, оқырмандар олжасына айналды. «Мұнай заманы» дейтін өлеңмен басталып, «Сайтанның сайран салуы» поэмасымен аяқталған аталмыш кітапты оқып шыққан адам көп нәрсеге көзін жеткізері сөзсіз деп ойлаймын. Әсіресе, кітаптағы «Клеопатра» поэмасы өзінің әдемілігімен, өрлігімен қызықтырса, «Сайтанның сайран салуы» поэмасы тосындығымен, жұмбақтығымен таңғалдырады... Сонымен, «Көкейімде – Күлтегіннің Жазуы» жинағы ақын Серік Ақсұңқарұлының парасат-пайымы толысып, кемелденген кезінде шыққан еңбегі екен. Яғни, салмақты да сабырлы шағының сарқыты. * Бүгінде Алаштың ақиық ақыны Серік Ақсұңқарұлы жетпіс бес дейтін асқар таудың тағы бір биігін бағындырды. Абыз жасына аяқ басқан ағамызға мерейлі мерейтойында мықты денсаулық, отбасына амандық-бақыт, ұзақ ғұмыр тілей отырып, әлі де ұлттық руханиятқа өз үлесін қоса берсе екен дегіміз келеді.

Әлімжан Құтжанұлы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі .

Қызыларай колхозының баласы

1950...
Шыққан тоз-тозы
Соғыс келіп айпап-жайпап өткенде,
Арқадағы «Қызыларай» колхозы
Көзін ашып келе жатқан көктемде...
Түстім Жерге!
Туа салып шыңғырдым!
Көзімді ілсем көрем соны түсімде:
Біткеніне бес жыл болған қырғынның
Ызғары бар жүрегімнің ішінде!
Мен туғанда өлкемізде таң екен.
Қазағының ырымына еліктеп, –
Серік болсын деп өзіне жан әкем
Есімімді қойған екен «Серік» – деп.
Серік болдым.
Ал, мен осы қандаймын?
Жұрт біле ме мына мендей серіні,
Күйкентайға серік бола алмаймын,
Менің атым – Ақсұңқардың Серігі!
Жүріп келем.
Өр – ойларым, өр – сезім.
Отсыз өмір кешу ойға сыя ма?
Қырандарға серік болып көрші өзің:
Сенің көзің өле-өлгенше қияда!
Жаным шығып, жанарымды жауып
қан
Сан құлағам.
Кеудем толы құсаға.
Қыран кейде төмен ұшқан тауықтан,
Тауық, бірақ қыран құсап ұша ма?!
Көкірегімде алай-түлей жүр ағын,
Сыртқа шығып сайрай алмай отты
үнмен
Сұрағым бар?
Сұрағым бар?
Сұрағым...
Жартысына жауап алған жоқпын мен.
«Құдай – жалғыз» дейді рас па?
Таң қалам.
Мен түсіндім көктен жерге түстім де
–
Бауырларын жылан – соғыс жалмаған,
Жалғыз еді әкем жердің үстінде!
«Бауырымдап...» жылаушы еді.
Ал бізді
Аймалайтын ақ пейілмен не түрлі
Құдайға да қол болмаған жалғыздық
Оған-дағы жараспайтын секілді...
Шерін оның қалай шертіп таусармын?
Көз алдымда Зауал заман оғы ұшқан.
Мен – өксікпін.
Көз жасымын сол шалдың.
Жарықшақпын –
Қалып қойған соғыстан!
Атыламын!
Жоқ шыдайтын дәрменім,
Сойқан соғыс қазына ашар қай елге?
Бейбітшілік дейтін інім бар менің,
Үйленсе екен Шаттық дейтін әйелге!
Бақыт кілті – балғалар мен күректер,
Соқсын солар Құлыптасқа – Құлып-
Тас.
Соғыс!
Сені ұмытса да жүректер
Мүгедектің тізелері ұмытпас!
Мұрыныңа ілмейсің бе мұны түк,
Неге маған қарап тұрсың тесіле?!
Әлем күллі гүл-дәуренін ұмытып...
Сені ғана сақтап қалған есіне!
Тоқта, сайтан!
Сақылдама, сайқалым!
Әлі өшкен жоқ кесапат пен кесірің:
Мен тек саған құрдасымды айтайын,
Білмейтұғын әкесінің есімін...
Сен жараттың балаларды әкесіз!
Қалай таптың қасиетсіз, некесіз!
Жүрмесе де жерде жүрелеп тегі
Олар-дағы – Соғыс Мүгедектері!
Өрім едік.
Өстік.
Қаттық.
Бекіндік.
Қол бұлғайды жыр елінің даласы.
Өмірдегі жесірлік пен жетімдік, –
Өлеңімнің Анасы һәм Баласы!
О, Аналар!

Ақындардың Анасы!
Сенің ұлы рухыңа болдық таң,
Ақын деген – Махаббаттың Баласы!
Фашист «ақын» жоқ
ғаламда – сондықтан!
Есенинше Ару анам қақында
Жаза алмадым жарқын жыр бір
жапырақ.
Менен өткен дарынсыз жоқ ақында
Жоқ және де менен өткен ақымақ!
Бір Музадан жоқ басқа ойы, мұны түк
Пенде болдым, Пегасымды ерттедім.
Семьяның қаракетін ұмытып,
Жер-ұяның әрекетін зерттедім.
Күлген аз ба мендей саппаз сабазға?
Кештім терең теңіздерін сияның.
Бөлмем толы қағаз еді.
Қағазда –



Жанып жатса менің бала қиялым!
Неше түрлі поэмалар болды... есте,
Жаза бердім шабыт – мұхит лақылдап.
Жыртып көбін салдым отқа.
Сол пеште
Жатты менің балалығым лапылдап!
Өмір – алда.
Өкінемін несіне?
Ол – құраған бұл-бұл бағым мәуелі.
Балалықты түсірерде есіме
Сол бір өртті елестетем әуелі!
Адамзатқа өлендетіп сонда жазған
хатымды ап,
Ойға түсем, нанбасаңдар көр келіп.
Он үшімде қалай жансам лапылдап,
Отызда да келем солай өртеніп!
Кітап көрдім көз қуантар көлемі,
Сонан қандай қуат алды жоқшылар?
Адамзатқа түк айтпайтын өлеңі
Ақындардан өткен сорлы жоқ шығар!
Көкірегімде көк нөсерлі үн жаңғырып,
Ұйықтаушы едім таң сыз беріп атарда.
Ошағымды Анашыма қалдырып...
Отанымды іздеп шықтым – сапарға.
Тұңғышы едім.
Анам сонда қалжырап:
– Абай болшы! Алдыңда көп сын әлі.
Отаныңа барам десең – бар! Бірақ
Ошағыңды ұмытпа! – деп жылады.
Жүгіре кеп жөнеліп ем дабдырап,
Күнді көрдім көздерімді ашқанда –
Ақжарықтан шыға салып абдырап,
Аң-таң қалып қарағанда аспанға!
Ұшып кеттім.
Бір дәм татып шараптан,
Қашан жетем? Көзіме жас іркілді.
Отан тұрды Абай құсап қарап паң.
Анам құсап мейірленіп бір түрлі.
Қаңқу сөзден қалдым кейде
тұншығып,
Желмая-жыр қалай бірақ желмейді
Кейбіреулер өз баласын қырсығып,
Отанына жібергісі келмейді.
Олар, мейлі, Бекежанша сенделер –
Қособада...
Жетер жерге жетем ғой.
Ошағынан аспайтұғын пенделер
Отанды да қызғанады екен ғой!
Абай атам көз алдыма елестеп,
Бетпе-бет кеп

Майбасармен жолықтым.
Сарыарқада халық қана емес тек –
Тұрғындар да тұрады
екен – соны ұқтым!
Халық мені шабытына бөледі,
Тұрғындар да өзінше ойын топшылар
Адамзатқа түк айтпайтын өлеңі
Ақындардан өткен сорлы жоқ шығар!
Ана тілім айналды да антыма,
Өлең деген бөбекпенен тел өстім.
Халқым барда, антым барда халқыма
Тұрғындарды көзіме ілген емеспін!
Жоқ ерлігім...
Қорқақтыққа күйгенмін,
Өлеңімде менің осы шерлі үнім.
Отыз жаста сүйгеніме үйлендім,
Осы шығар болса егер бір ерлігім.
Кешіре ме сұлулықтың әлемі,

Түсіне ме, шіркін, соның себебін?
Жетісуда жеті-ақ акку бар еді
Соның бірін ұрлап алған мен едім...
Ұстап алып қама торға сал-дағы.
Бой тасалап қашатұғын пенде емен.
Аты-шулы ақын болмасам-дағы
Аты-шулы Ұрлықшымын мен деген!
О, Жетісу!
Асқақ қара сен елге!
Тас – қамалым, жеңе
алмайды сені ешкім.
Алты күйеу батыр болса егер де,
Кенже күйеу – мен де қорқақ емеспін!
Қайнап жатыр қан-тамырым тереңде.
О, Жетісу!
Тәж тақ сұлу өнерден!
Алты күйеу ақын болса егерде,
Мен де ақынмын. Атың шығар
өлеңмен!
Жырлай берем Сұлулықты қаталап,
Керек емес көз алдайтын бөзіңіз.
Адамзатты қосатұғын – махаббат,
Айыратын – мына біздің өзіміз!
Ғасыр көші!
Болашаққа тартыңыз!
Жан сауғалап құрып кету – саған жат!
Махаббаттан жаратылған – халқымыз!
Махаббаттан жаратылған – Адамзат!
Жер үстінде болған талай қырғындар
Көрдім танды, түн азабын кештің де.
Неменеден жаралды екен тұрғындар?
Білсем де іштей...
Айтпан бірақ ешкімге!
Махаббат – бір ұлан асыр дария
Жүзіп кеттім, жүз толқынын кештім
де.
Отызымда кездеспесе Ғалия
Алпыста да үйленбес ем ешкімге!
Осындаймын!
Көзбен көрмей кім сенер?
Осындаймын өмірде һәм өңірде
Пенде біткен аяғымен жүрсе егер,
Жүрегіммен
Жүремін мен
Өмірде!
Тіршілікте қалған кез көп мәңгіріп.
Көлеңкесін көздегем жоқ саяның.
Жүрегіммен жүремін мен мәңгілік
Ақсақ болып қалса-дағы аяғым!
Дос көп менде: Ақселеуім... Дәуітім...

Қолымды ұстар
алдымнан сан ел шығып.
Меніменен дос болмаса әлі кім –
Өлеңімді жіберермін елші ғып.
Еліктедім көп ақынға, бүгінде
Жүрген жай бар өз ойымды ән қылып,
Бәрі кетті... жүрегімнің түбінде,
Алатаудай Абай қалды мәңгілік!
Сүйдім Күнді.
Оның нұры – жырымда.
Жетегінде кеттім бір пәк ойлардың.
Отыз жаста әке болып бір ұлға
«Рауан» деп Күннің атын қойғанмын!
Не бітірдім, не жаулады еркімді?
Көз ілеспей аспанымда шапты Ай,
Күн
Мен де айналдым
айналғанда Жер Күнді
Енді қанша айналамын!
Айтпаймын!
Айтпан, босқа қозғамашы дертімді.
Басқа күдік... басқа сұмдық ойымда:
«Енді қанша айналады Жер Күнді?!»
–Деген сауал ендіктердің бойында –
Шыңғырып жүр!
Үні – ащы!
Ал, тыңда,
Жүрегімде жүйке жейтін жүр ағын.
Мен кетермін. Мен кеткенде артымда
Қалсын осы қасиетті сұрағым!
Сол сауалға жауап бермеу – асылық
Не дер екен зиялылар тақтасы:
Қарсы алдымда
жатты айқара ашылып
Университет, институттар қақпасы.
Қарсы алды олар мені
арманшыл кісі деп.
Қалар ма едім сол қамалда бекініп?
Кенет Пегас қоя берді кісінен!
Атып шықты ауласынан секіріп!
Атып шықтымын!
Бір жалт қарап шыраққа,
Өмір – тәтті. Сүйем бірақ өлеңді.
Қанат бітіп, сонда Муза пыраққа,
Мені сонау аспанға ала жөнелді.
Көзде – жасым,
дидарға ойлы түсті рең.
Ұштым теңіз... балықтардың үстімен.
Залптардың,
Тамұқтардың үстімен,
Табыттардың,
Халықтардың үстімен!
Қайран анам түсті есіме қалжырап,
Тәңірінен маған медет сұраған.
«Отаныңа барам десең – бар! Бірақ
Ошағыңды ұмытпа!» – деп жылаған.
Тәте!
Ұлыңның сағым болды сел әні,
Кеудесінен кеңістікке құя алмай.
Отаныма жеткен жоқпын мен әлі.
Ошағыма не деп барам ұялмай?
Туған күнім түсті есіме – таң екен,
Қазағының ырымына еліктеп, –
Серік болсын деп өзіне жан әкем,
Есімімді қойған екен «Серік» – деп.
Саф алтындай ойлар келді санама
Әкем – марқұм... Мүмкін, ол да
өкпелі?
Өкінемін әкем түгіл, анама
Әлі күнге серік болғам жоқ тегі.
Көкірегімді кернегенде нала, кек,
Көз алдыма қасиетті анам кеп –
Жаутандайды жасқа толы көзімен,
«Неге сонша жүдеп
кеттің, балам?» – деп.
«Мен жоқ кезде ренжітті сені кім?
Қанаттарың қайда – Бейбіт, Берігің?!
–Деп сұрайды әкем кіріп түсіме –
Неге сонша жүдеп кеттің, Серігім?!»
Сонда асқақ жауап берем мен тұрып,
Сағынышты сабырлы ойға жеңдіріп.
«Ібілістен күнде таяқ жеймін мен
Періштеге серік болам деп жүріп!»
Өлеңдерім айтсын соны сендіріп.

Серік Ақсұңқарұлы.

Ауыл шаруашылығы техникаларын байқаудан өткізу

2025 жылға Ақтоғай ауданы бойынша тракторларын және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды 2025 жылдың 5 қаңтарынан бастап 31 желтоқсаны бойынша жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап, тексеруден өткізу туралы.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 4-3/269 бұйрығымен бекітілген тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, ме-лиорациялық және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды (бұдан әрі - машиналар) жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап, тексеруден өткізу қағидаларына және де Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 4-3/421 бұйрығымен және 04.05.2020 жылғы №153 бұйрығымен бекітілген "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда,

олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық байқаудан өткізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың машиналарын жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап, тексеруден өткізу жүргізіледі.

Машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру олардың техникалық жай-күйін бағалау, олардың санын, тиесілігін және басқа да тіркеу деректерін нақтылау, техникалық пайдалану және қауіпсіздік техникасы қағидаларын өрескел бұзушылықтарды және жай-күйіне әсер ететін бұзылулардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

Жылына бір рет техникалық қарап, тексеруге жеке және заңды тұлғалардың иелігіндегі және жергілікті атқарушы органда «Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» Мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік (уақытша) тіркеуде тұрған машиналар жатады.

Шығарылғанына үш жыл толмаған жаңа машиналарды техникалық қарап, тексеруден өткізу тіркеу пункттерінде тіркелгеннен кейін алғашқы үш жыл ішінде бір рет олардың техникалық жай-күйін тексермей жүргізіледі.

1) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде:

машиналарды техникалық байқаудан өткізуге асыру үшін заңды және жеке тұлғалар мынадай құжаттар ұсынады:

жеке тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі):
нысан бойынша өтінішті;

машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);
заңды тұлға (не оның оның сенімхат бойынша өкілі):

нысан бойынша өтінішті;
машинаны тіркеу құжаты (техникалық паспорт);
нысан бойынша машиналарды мемлекеттік техникалық қарап-тексеру актісіне енгізу үшін машиналар туралы мәліметтер;
2) портал арқылы жүгінген кезде: электрондық құжат нысанында өтініш;
машинаны тіркеу құжатының (техникалық паспорттың) электрондық көшірмесі.

Техникалық қарап, тексеруден өткен машиналарға тіркеу құжатына (техникалық паспортына) «Ақау-сыз» деген жазу жазылады, ал техникалық қарап, тексеруден өтпеген машиналарға «Ақаулы» деген жазу жазылады, ол ЖАО инженер-инспекторының қолымен және тіркеу пунктінің мөртабанымен расталады.

Тұрақты есепте тұрған жерінен басқа өңірлерге 2 айдан астам мерзімге шыққан машиналар,

№	Ауылдық округтердің атауы	Техникалық байқаудың өту кестесі
1	Қарабулақ	12.05.-13.05.2025жыл
2	О/дересін	14.05.2025 жыл
3	Тасарал	15.05.2025жыл 9-12сағат
4	Сарышаған	15.05. 2025жыл 14-18 сағат
5	Шашубай	16.05-2025жыл
6	Қызыларай	19.05.-20.05.-2025 жыл
7	Шабанбай би	21.05-22.05.2025жыл
8	Қараменде би	23.05.2025ж
9	Абай	26.05.-27.05.2025жыл
10	Кусақ	28.05-29.05.2025 жыл
11	Айыртас	30.05.2025 жыл
12	Кежек	02.06.-03.06.2025жыл
13	Жидебай	04.06.-05.06 2025жыл
14	Сарытерек	09.06.-10.06 2025жыл
15	Нүркен	11.06-12. 06. 2025жыл
16	Ақтоғай	13.06.2025жыл

Т.Күземханов,
Ақтоғай ауданының ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы.

* Табиғат – тал бесік

Орманды өрттен қорғайық

Орман – жердің жасыл желегі және біздің ең үлкен байлығымыз. Орманның ең қорқынышты жауы от . Орман өрті өсімдік, шөп-шалам, жабайы жануарлар мен аңдардың бәрін күйдіріп, микроклиматты бұзады, топырақтың құнарын жояды, ауаның экологиялық және химиялық көрсеткіштерін бүлдіреді. Сондықтан ормандардың өртенуіне жол бермеу – орман-шылардың, өртсөндіргіштердің ғана емес, жалпы халықтың міндеті. Қазіргі уақытта оның өртенуіне адамның өзі кінәлі. Бірақ ормандарда өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтай отырып, сіз табиғатты сақтап, ауқымды апаттың алдын ала аласыз.

Орман өрті – абайсызда жағылған от, сөнбей қалған шөк, кейде найзағайдан, ауа температурасының өте жоғары болуынан пайда болады. Сондай-ақ, кейбір азаматтардың табиғат аясындағы демалыс кезінде жаққан бақылаусыз қалған от алауларының толық өшірілмеуі, сөнбеген темекі қалдықтары, құрғақ шөптің маңайында қалған шыны бөтелкелердің әсерінен де тұтанады. Көбінесе құрғақшылық кезеңдерде, ерте көктем мен күз мезгілінің аралығында пайда болатын апат.

Табиғат аясындағы демалыста және басқа да уақыттарда өрт қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керек. Өрт оқиғасы байқалған жағдайларда құзырлы органдарға ертерек хабарлап, оның кең көлемде таралмауына ықпал жасауды әрбір азаматтың табиғат алдындағы міндеті екенін назарда ұстаған жөн.

Нұрғазы Омашов,
Тоқырауын орманшылығының орманшысы.

Еске алу



Адамның өмірге, бір біріне қонақ екенін қайғы қасіретпен білдіріп, тағы бір аяулы жан бақилық болды. Өулеттің үлкен келіні Гүлзада Әбілқызы қырық күн бұрын жанымызда жадырап жүретін, ақ көңіл, кең пейілді, ешкімге жамандық ойламайтын, адамның бәрін өзіндей көретін, ға-жайыпқа баладай сенетін, қолында барын, көмегін беретін, көп уайымдап қиналмайтын, дүниені тәтпіштеп жинамайтын өзіндік ерекше жан еді. Адамдармен араласқанды жаны қалап тұратын көпшіл, бәрін жадында сақтай алатын, іздеп

хабарласып жүретін. Барлық ортада өзін еркін ұстап, білгенімен бөлісіп, ашық әңгіме, ортақ сұхбат құратын. Өйткені, үнемі ізденіп оқитын, көп мәліметті білетін, басқалармен бөліскенді қалайтын.

Жоғары білімді математика пәнінің мұғалімі, шәкіртіне тәрбиелі білім беруде бар ықылас ниетімен кірісіп, мектеп жұмысынан еш аянбай, белсене атқарды, әркез жаңашылдыққа ұмтылып отырды, озық технологияны тез игеріп, ауылдастарға үйретті, көпке көмек жасағанына қуанатын. Ауылдастың бар қуанышына ортақтасып, қайғысын бөлісіп, ауылдың мәдени көпшілік шарасына жауапты қатысты. Алғаш келін болып түскеннен, туған-туыс, ауыл-аймақпен тез тіл табысып, сіңісіп араласып кетті, ашуы «жібек орамал кепкенше» болатын, ата-енесіне сый құрметін жасап, тұңғыш немерелер қуанышын сыйлады, кісі қысылмай түсетін кең пейілді, дастарханы берекелі шаңырақ,

бір ауыл болып отырған еді.

Еліне елеулі, халқына қалаулы болған Әбіл ақсақалдың үйінде жиі болған туысы атақты Ақкыз күйшінің өзінен үйренген «Қосбасар» күйін ұлттық Наурыз мейрамында орындауға дайындалып жүрген, халқының алдына шыға алмады... Білетіндердің бәрі қайғырып жоктады, жолдың ауырлығына қарамай халық ағылып келді, өмірден тосын өткен аяулы жанға соңғы құрметін көрсетті. Өулеттің атынан ризашылық білдіріп, алғыс айтамыз.

Амал не? Кенже қызын ұзатуға жазған тізімі хабарланбай, қасынан қалдырмай жүретін, орта жастан асқан ағамыз жанжары, жолдасынан айрылып қалды. Алла алдынан жарылқасын, иман байлығын, ағамызға, балаларына салиқалы сабырлық, зор денсаулық берсін. Ұрпақтары асыл Ана жақсылығын жасампаз етсін.

Қимай еске алушылар:
Совет әулеті.

Еске алу



Ғасырға жуықтаған ғұмырында әкеміз **Совет Шөкенұлы** киындықты қажырлы жеңіп, жокқа жасыған, барған тасыған жок, адамгершілік қасиетпен адалдықты ұстанды. Жеті жасында «халық жауының» баласы атанып, тағдыр тауқыметін тартты, еңбекпен шыңдалды, талаптанып өзі ізденіп оқыды, жақсылыққа ұмтылды, ауылшаруасының барлық ауыр жұмысын үздіксіз атқарды. Ауылдың алғашқы автокөлік жүргізушісі, тракторшылар бригадирі, бөлімше меңгерушісі, кеңшарды жанар-жағар маймен жабдықтау, мал өнімдерін дайындау жөніндегі директордың орынбасары қызметтерін атқарды. Ұжымшардан бастаған еңбек жолын жеке шаруа қожалық құрып, озық технология игілігін, екі ғасырды көріп, екі қоғамды өткеріп, алуан түрлі оқиғалармен аяқтаған бір дәуірдің куәгері.

Қадірлі әке артына тәрбиелі ұрпақ өсіріп қалдырды, түрлі мамандыққа даярлады, адамгершілік пен адал еңбекке үйретті, отауларын тігіп, өрісін ұзартты, немереден шөбере сүйген ардақты ата, өз ортасында сыйлы, елдің тілеуқор ақсақалы болды, берекелі шаңырақ бүгінде үлкен әулетке айналды. Жақсы жандардан үлгі алып үйренді, жақсылық пен жетістіктерін үнемі айтып отыратын, ұнатқан жандарды жадында сақтады, өзі де көптің есінде қалғаны анық. Өзіне қиындық, өзгеге жамандық келтіретін асығыс шешім қабылдамай, әр іс-әрекетін ойланып жасайтын. Кітап пен баспасөзді үзбей оқу басты қызығушылығы болды, өз білгенімен бөлісетін, көңілге түйгенін, атамекені, туған жер, өскен ел, ауылдас-ағайындар туралы әдемі әңгімелеп, әсерлі айта білетін.

Арамыздан алыстаған сайын асқақтаған ең құрметті адамды сағынышпен еске аламыз, жақсы атына жамандық келтірмейтін боламыз. Алла алдыңыздан жарылқасын, иман байлығын берсін, артыңыздағыларға амандық пен бірлік тілейміз. Тектілердің әруағы қолдап, рухы қорғасын.

Еске алушылар: жұбайы– Заруия, балалары, немере-шөберелері.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тумасы, кимас бауырымыз **Исабекова Қарлығаш Башанакқызының** өмірден өткеніне 10 жылдың жүзі болды. Өмірдің өзі күшті болған мен өтетіні өкінішті. Қара жер түгілі қатты сөзге қимайтын жан бауырымызға деген сағынышымызды

сөзбен айтып жеткізе алмаспыз. Қолдан келер қайран жоқ тек Алладан медеу тілеп, қол жайып дұға бағыштаймыз. Сенің көрмеген қызығын мен жасамаған жасыңды артыңнан ерген балаларыңа, отбасына нәсіп етсін. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын.

Жан едің ғой қара жерге қимайтын, Дос жараның қадір тұтып сыйлайтын. Бар бойында жақсылығы көп еді, Жүрегімізде тұрады әркез жаңғырып. Бауырым ақ жүзінді сағынамыз, Өмірдің тағдырына бағынамыз. Тіршіліктің барында қаза бар ғой, Алланың жазғаны ғой не қыламыз. Кетсе де көзден ғайып, Көңілден кеткен емес. «Жаннатта жаны болсын» деп тілейміз, Алладан дұға қылып ертелі кеш.

Еске алушы: бауырлары.

Открылось наследство после смерти Нарымбековой Орал, 17.09.1945 года рождения, умершей 31 декабря 2019 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Еске алу



Ақтоғай ауданының тумасы, **Бәкіров Өмірбай** алып бәйтеректей тірегіміз, қорғанымыз болған қадірлі жанның өмірден өткеніне де бір жылдың жүзі болды. Анамызбен өмірдің қызығы мен қиындығын бірге кешіп, балаларын өмірдің соқпағымен өрте тартып, өз орындарын табуға бағыт берген қамқор әкеміздің бақилық болғанына санамыз сенсе де, жүрек түкпіріндегі қимастық пен сағыныш басылар емес. Әкеміздің орны әлі күнге ойсырап тұр. Көз алдымызда қарайып жүргенінің өзі көңілге үлкен демеу екеніне күн өткен сайын көз жеткізудеміз.

Алайда өмірдің заңына бағынғаннан басқа амал жоқ екені ақиқат.

Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда, Көнеміз ғой тағдырдың салғанына. Көзімізге ып-ыстық жас келеді, Әке өзінді сағынышпен еске алғанда.

Әкеміздің жылдық асы Ақтоғай ауылында «Ақсоран» мешітінде сәуірдің 19 жұлдызында сағат 13-00-де беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, әкеміздің көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

Еске алушылар: жұбайы – Рысжан, балалары, немерелері, бауырлары.

Еске алу

Ақтоғай ауылының тұрғыны болған **Әлуақасов Саят Ақисіңұлы** егерде жер басып жүрсе 60 жасқа толған мерейжасын арқа-жарқа болып тойлар едік.

«Тозбас темір, озбас өмір жоқ» деп бекер айтылмаған ғой. Мына жалғаннан келместің кемесіне мініп кете барған абзал азаматымыздың қазасы жанымызды жаралады. Алланың жазуына шара бар ма. Жүрегі жомарт, тіршілігінде ел-жұрты, жолдастары ардақтай білген ақкөңіл жан еді. Үлкен-кішіні ақ пейілімен қарсы алып, төрінен орын ұсынып, ықыласын аямайтын Саятымызды сағынып, қамығамыз. Оның орны ойсырап, бос қалғандай. О дүниедегі орны пейіштің төрі болып, қабірі нұрға толсын деп дұға бағыштаймыз.

Ешбір шара тағдырға қыла алмаймыз, Еске түссең езілмей тұра алмаймыз. Жайлы болсын жатқан жер, топырағың, Сағынышпен өзіңе дұға арнаймыз.

Еске алушылар: Көкеевтер әулеті.

Открылось наследство после смерти Мажимовой Килары Ибраимовны, 08.05.1961 года рождения, умершей 19.03.2025 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Открылось наследство после смерти Шегенбаевой Марии, 20.05.1926 года рождения, умершей 10.02.1999 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Открылось наследство после смерти Темиржанова Толена Турысбекулы, умершего 10 мая 2005 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Открылось наследство после смерти Махмутовой Куляш, 10.02.1942 года рождения, умершей 04.04.2005 года. Наследникам обращаться к нотариусу Имашевой М.К. по адресу Карагандинская область Актогайский район поселок Сарышаган улица Темиржол 12 Б

Еске алу



Камшының сабындай қайран тірлік, бір күні шарт сынарың әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. "Тумақ бар жерде өлмек бар", – дейді шарият сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе, өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой.

Ойда жоқта маңдайына жазылған тағдырдың жазуы осылай болғандықтан, кеше ғана арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген кимас жаннан, адамгершілігі мол әріптестен, мейірімі мен шапағаты шуақ сыйлап тұратын аяулы ана, адал жар, сүйікті әже **Ногаева Гүлзададан** қапыда айырылды. Өлім түгілі өкпеге қимайтын асыл құрбы, білікті әріптес жайлы ендігі жерде естелік айтамыз деп кім ойлаған? Гүлзада Әбілқызы Н.Әбдіров атындағы орта мектепке 1988жылы математика пәні мұғалімі болып келген еді. Сол кезден бастап біз оны тек жақсы жағынан ғана танып білдік. Еңбекқор, білімді, өз мамандығын жанындай сүйетін, көп оқитын, жаңашылдыққа жаны құмар ерекше жан еді. Барған жерінен ұнаған кітап пен гүл көрсе, қалап алатын. Кітап оқу мен гүл өсіру ермегі (хобби) болатын. Кез келген тақырыпта өз ойын еркін жеткізіп, өзінің көзқарасын, өзіндік пікірін ашық айтып, емін-еркін әңгіме-дүкен құратын. Өр рудың шежіресін таратқанда таң қалатынбыз. Гүлзаданың жақсылығын, алақанының жылуын сезінбеген, дастарханынан дәм татпаған адам кемде-кем шығар. Ешқашан дастарханы жиылмайтын, көңілі дархан, пейілі кең жан еді. Ауылдың көшесінен бөтен біреуді көрсе, ұлтына, түріне, ұсқынына да қарамай құрақ ұшып, үйіне шақырып, төріне отырғызып, төредей күтетін. Қазір ойлап қарасақ, мақсаты – тек жақсылық жасау болған екен. Жақсылығы аз, сол аз жақсылықтың өзі есеп-пен жасалатын мына заманда Гүлзаданың тұлғасы зорайып көрінетіні содан шығар.

Бұл жалғаннан бір пенде мұңсыз болып өтті ме екен? Әй, қайдам... Гүлзаданың жасыған, мұңайған кезін көрмеппіз. Мүмкін, орындалмаған арманы, жүдеп-жадаған кездері болған шығар. "Азамат ердің баласы жабыққанын білдірмес, жамандар мазак етер деп" (Қазтуған жырау) дегендей, өмірге қандай өкпесі болса да ішінде кетті. Сыртқа сыр білдірген жоқ, әлсіздік танытпады.

Өзің жайлы айта алмаймыз тауысып, Ел айтады, жұрт айтады жарысып. Көпшіліктен алған алғыс, сауабың, Жатқан шығар рухыңменен қауышып.

Гүлзаданың "жағасы жоқ, жеңі жоқ" көйлек кигеніне, "есігі жоқ, төрі жоқ" мәңгілік үйіне енгеніне де 40 күннің жүзі болған екен. Қасиетті Рамазан айында өмірден өткен әріптес-құрбымызды көңіліміз құлазып, қайғырып еске аламыз. Алланың бұйрығының алдында шара бар ма? Алдың пейіш, артың нұр, жатқан жерің жарық, топырағың мамық болсын, аяулы құрбы! Адам – бұл дүниенің қонағы. Мұндайда сабырға қайрат қосатын, қайнаған күйікті басатын жұбату айту қиын. Тек жолдасы Төлеген мен алтын асықтай ұлдарына, қызғалдақтай қыздарына, анасы мен бауырларына "Шүкірлік етіңіздер, сабыр сақтаңыздар, болған іске болаттай берік болыңыздар", – дегіміз келеді.

Еске алушылар: ардагер ұстаздар – Елубай-Несіп, Назгүл, Кәмел-Ардақ, Сағындық-Гүлнар, Құрманғазы-Тұрсынбай, Қами-Ғаля, Құрманғазы-Кәмеш, Бақша, Ералы-Нұрбала, Алтынбек-Айнакүл

Ақтоғай аудандық ішкі саясат бөлімінің ұжымы мекеменің статист маманы **Адамбаева Күлпат Кәрібайқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Әже – отбасының алтын қазығы



Қазақ отбасында әжелердің орны ерекше, әрі қадірлі болған. Әже – отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы болып, ағайын-туыстың ауызбірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы.

Мен өзімнің ақжаулықты әжем туралы сыр шерткім келеді.

Менің әжем **Домбаева Култай Шайыққызы**. 1935 жылдың 5 наурызында дүниеге келген. Руы Тобықты Ақсақ – Қожантай. Әкесі Шайық, шешесі Балғын. Әжемнің әкесі Шайық Калинин ауылында түйе баққан екен, сол түйе баққан жерді қазіргі уақытта Түйеқора деп атайды. Әжем жастайынан колхоздың шаруашылығында тынбай еңбек еткен үшін тыл ардагері медалымен марапатталған.

Әжем Тобықты-Жуантаяқ келіні, Аумаған атамның бәйбішесі. Аумаған атам мен Култай әжем совхоз құрылғанан кейін Өтеген, Қырғыз, Жамбыл қыстақтарында сиыр баққан. 1971 жылдан бастап Тұраппай қыстағында 13 жыл қой бағып атам аға шопан болған, әжем шопан көмекшісі болып жұмыс жасаған. Әжем жұмысқа шымыр болыпты, көмекші шопан болып жүргенде малға шөпті шанаға салып тасиды екен, әжемнің қарулығы сонша бір шана шөпті арқасына арқалап тасып малға шөп береді екен.

Менің әжем барлық істі жылдам жасайды, жылдамдықты жақсы көреді, өте еңбекқор кісі. Әжем бие сауып қымыз ашытатын. Сол қымызынан ауылда ішпеген жан жоқ шығар. Қымызы балдай тәтті болатын.

Менің әжем тоғыз құрсақ көтерген күміс және алтын медалының иегері. Атам мен әжем өз балаларын жетілдіре отырып, атамның қарындасының балаларында бауырына басып, жеткізген. Қаншама бейнетті көріп, қиыншылыққа мойынсұнбай, қажырлы еңбегінің арқасында қазір әжем 90 жасқа толып отыр.

Қазіргі таңда тоғыз баласынан 26 немере 46 шөбере қызығын көріп, балаларының ортасында бақытты өмір кешіп отыр. Менің Әжем ерекше жан.

Мен өз әжеммен мақтанамын. Егер менен «Үлгі тұтар адамың бар ма десе. Мен ойланбастан – ол менің алтын Әжем дер едім

Немересі – Аумаған Алуа Бірлікқызы.



Күрметті Бақыт Тұрарбекқызы!!!

Сізді мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деніңіздің саулығын, отбасының амандығын, қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөлене беріңіз. Абыройыңыз асқақтай берсін дей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Бүгінгі күн – бөлектеу күн, маңызды, Маңыздысы – бүгін туған жан ізгі. Алпыс мәрте Күнді айналған жұмыр Жер, Сізге бакыт тілеп тұрған тәрізді. Ренжітпей үлкенді де, кішіні – Жүрегімен түсінетін кісіні. Мынау өмір жұмақ болып кетер ед, Сіздей болса бар адамның пішіні. Қарапайым қалпын сақтап биіктік, Ұл-қызы мен отағасын иітіп. Ана болып, пана болып отырсыз, Бір әулетті ұйытқыдай ұйытып. Ізгілікті нұрын шашар маңайға, Адамсыз ғой үлгі болар талайға. Жақсылықты өзіңізден көп көрген, Ұмытпайды туған-туыс қалайда. Үлгі болған үлкенге де жасқа да, Сыйлар сізді туған-туыс, басқа да.

Ізгі тілекпен : отбасылық достарың – Коля-Зәмзагүл, Асқат-Рая, Ерғазы-Бақша, Сағдат-Күлан, Марат- Қарлығаш, Мәжит-Дарияш.

Құттықтаймыз!



Құрметті **Қасенбекова Бақшагүл Ермекқызы!** Сізді 60 жылдық мерей-тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз бар ғұмырыңызды бір ғана білім ордасына арнап және ұстаздық жолыңыздағы 38 жылдық асыл еңбегіңізбен бір-неше буын шәкірт тәрбиелеп, саналы ұрпақтың қалыптасуына өлшеусіз үлес қостыңыз. Сіздің мейіріміңіз бен біліміңіздің арқасында қаншама оқушы үлкен өмірге қанат қақты. Ұстаздық жолдағы адал қызметіңіз, төккен теріңіз ешқашан ұмытылмайды.

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, шәкірттеріңіздің ыстық ықыласы мен шынайы құрметіне бөлене беруді тілейміз. Әр күніңіз қуаныш пен жақсылыққа толы болсын.

Бала үшін еңбек еттің, аянбадың, Сол жолдың бар бақытын баяндадың.

Жарқырап, мерей тойың жетіп келіп

Алпысқа аппақ Айдай аялдадың.

Ізгі ниетпен: Жабас Кеңесбаев атындағы ЖББ мектебі



Күрметті Бақыт Тұрарбекқызы!

Сізді мерей тойыңызбен құттықтаймыз. Сізге деніңіздің саулығын, шаңырағыңызға ырыс байлығын, жүрегіңізге мәңгі жастық жалынын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз. Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз әрдайым артып, аңсаған арманыңыздың асуларына жете беріңіз.

Тілейміз бақытты өмір ашық аспан, Жалғанда тілек бар ма одан асқан.

Аман боп жанұяң мен бауырларың, Жалғансын ақ тандарын нұрын шашқан

Ізгі тілекпен : Сауле, Серік, Берік-Айдана, Айбибі, Хадия.



Ардақ тұтар аяулы бауырымыз **Зәмзагүл Мекенқызы** сені мерейлі 50 жасқа толуыңмен шын жүректен құттықтаймыз. Бауырымыздың мерейлі жасында бірге қуанышына ортақтасу біз үшін бақыт. Ағайынға, жақын-жұрағатқа, қызметтес әріптестеріне ғана емес, өзін білетін барша жанға сыйлы, беделді Зәмзагүлімізге не тілесек те артық емес. Саған болаттай берік денсаулық, отбасылық бакыт, балаларыңмен, немерелеріңнің қызығын қызықтап ғасыр жаса. Тағдыр ұзағынан сүйіндірсін, шаңырақтарыңыздан лайым шаттық, құт-береке үзбесін, мерейіңізді дәйім үстем етсін. Мерейжасыңда тілеген тілек, айтылған алғыстар орындалсын

Не жетсін бақ жұлдызы жағылғанға,

Бастауы берекенің табылғанға.

Биікте болсын әркез жұлдызың деп,

Тілейміз біздің бауыр Зәмза жанға!

Ақ тілекпен: анасы – Райхан, әпке-жезделері,

аға-жеңгелері, бауырлары-келіндері.

Құттықтаймыз!



Қадірлі бауырымыз **Тілеубергенова Мақбал Зекенқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз. Сізге зор денсаулық, отбасылық бакыт тілейміз. Әр күніңіз мереке-мейрамға, қуаныш пен думанға толы, ғұмырыңыз ұзақ та баянды болсын. Әрқашан балаларыңыздың қызығын тамашалап, немерелеріңіздің қуанышы болып жүре беріңіз деп тілегімізді білдіреміз. Биік те асқарлы шыңдарға қанатыңыз талмай өрлей түсіңіз. Әрбір күн сізге сүйіншілеген жаңалық, әрбір атқан таң арайлы шаттығын сыйға тартсын. Биікте еңсерер мақсат-мұраттарыңыз орындалып, асқаралы асулардан талмай аса беріңіз деген жүрекжарды лебізімізді арнаймыз.

Құтты болсын жасыңыз мерекелі,

Өміріңіз ұзақ болып берекелі.

Деніңіз сау, жақын аман қасыңызда,

Шаттықпен толқи түссін көңіл селі!

Ақ тілекпен: аға-жеңгеніз Бекет-Қапиза, бауырларыңыз – Сербол-Эльвира, Мадияр, Санжар, Заңғар.



Құрметті әріптесіміз **Тілеубергенова Мақбал Зекенқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен құттықтаймыз. Сізге зорденсаулық, мол бакыт, қажымас қайрат, еңбегіңізге жеміс тілейміз. Сіз аудандық аурухана саласында 40 жыл қызмет жасап, адам өмірінің арашашысы бола жүріп, маңдай тер, қажырлы қайратпен, халықтың алғысын арқалап келе жатқан жансыз. «Алғыс алған арымас», – демекші әлі де болса халық алғысын арқалап, өміріңіз көктемдей шуақты, жаздай жадыраңқы болып, бейнетіңіздің зейнетін көріп 100 жасаңыз.

Үзілмесін өміріңіздің жыр әні,

Бакытыңыздың өрге тартып бұлағы.

Еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз,

Келер күндер сәулелі болып шуағы.

Ігі ниетпен: Ақтоғай аудандық 103 жедел жәрдем ұжымы.



Құрметті отбасылық жолдасымыз **Байдүйсенова Зәмзагүл Мекенқызы!**

Сізді мерейжасқа толған туған күніңізбен құттықтаймыз. Осы қуанышты сәтте сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасына бакыт тілейміз. Ана сүтімен бойыңызға дарыған мейірімділік, сабырлылық, жаны жайсаң мінезіңізбен туған-туыс, дос-жаранға жанашыр қалпыңызбен ортамызда жүріп, 100 жасқа жет. Бакытыңды өмірге әкелген перзенттеріңнің қызығымен толықтыра жүріп, бакыттан басың айналып, шаттыққа бөлен.

Құтты болсын қуаныштың айтулы

Саған шуақ шашсын Күн мен Ай нұры,

Әрбір күннің мерекеге айналып,

Көре берейік бірге жүріп, той күнді.

Ігі ниетпен: Сайран-Бота, Жайна, Надира,

Ермек-Меруерт, Мамыр-Гүлмира,

Абзал-Жазира, Алтай-Жанерке, Жандос-Анар,

Қанат-Нүрилла.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 920 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй. Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

